

## Қызылорда қаласы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 13-2/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 мамырда № 8400 -11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 89-11/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 20.12.2023 № 89-11/6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарна мөлшерлемелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда - болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы*

*И. Кутухуджаев*